



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024ж. 15 ақпандағы № ДС-60

Құрметті депутаттар!

Депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасауға, сондай-ақ дара кәсіпкерлер үшін оңайлатылған декларация бойынша 3 пайыздық салықты төмендетуге қатысты

Оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимі (бұдан әрі – оңайлатылған декларацияның АСР) бизнеске әкімшілік жүктемені азайту және салық есебін жүргізуді жеңілдету мақсатында шағын және орта бизнес субъектілері үшін енгізілді.

Осыған байланысты 3% мөлшерлеме бойынша салық сомасы өткізу айналымының жалпы сомасынан шығыстар есепке алынбай есептеледі. Салық сомасы жеке табыс салығына – 1,5% және әлеуметтік салыққа – 1,5% бөлінеді.

Бұл ретте әлеуметтік салық сомасы әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылуға жатады, ал егер әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кетсе, әлеуметтік салық сомасы нөлге тең болады.

Анықтама ретінде: 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша оңайлатылған декларацияның АСР-і қолданылады: барлығы - 1 931 685 салық төлеуші, оның ішінде дара кәсіпкерлер - 1 767 668, заңды тұлғалар - 164 017; түсім сомасы барлығы - 856 192 658,1 мың теңгені құрады, оның ішінде дара кәсіпкерлер - 590 765 364,5 мың теңге, заңды тұлғалар - 265 427 293,6 мың теңге.

Сонымен қатар дара кәсіпкердің шеккен шығыстарын ескере отырып, салықты есептеу тәртібі салық салынатын табыстың 10% мөлшерінде салық мөлшерлемесін қолдана отырып, жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жұмыс істеген кезде қолданылуы мүмкін (кірісті алумен байланысты шығыстарды шегергенде сатудан түскен кіріс).

Бұған қоса, ҚР 2023 жылғы 20 наурыздағы Заңымен бөлшек салық режимін қолдануды кеңейтуді, сондай-ақ режимнің қолданылуының шексіз мерзімін белгілеуді көздейтін заңнамалық түзетулер қабылданды. Бөлшек салық төлеушілер ҚҚС төлеушілер болып табылмайды.

Анықтама ретінде: бөлшек салық режимін АСР қолдану шарттары:

- салық кезеңінде жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 200 адамнан аспайды;
- күнтізбелік жылдағы табыс республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 600 000 айлық есептік көрсеткіштен аспайды;
- осы режимді қолдану мақсатында ҚР Үкіметі айқындаған қызметтің бір немесе бірнеше түрін ғана жүзеге асырады.

Жеке тұлғаларға тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табыстар бойынша салық мөлшерлемесі 4% мөлшерінде белгіленген және жергілікті өкілді органдардың мөлшерлеме көлемін 50%-дан аспайтын мөлшерде төмендетуге құқығы бар.

Анықтама ретінде: мөлшерлемені төмендету туралы шешім Қарағанды (2%), Ақтөбе (2% және 3%), Қызылорда (2%), Шығыс Қазақстан (2%), Ұлытау (Жезқазған қ.-2%) облыстарында және Астана қаласында (2%) қабылданды.

Салық кодексінің 242-бабы 3-2-тармағының нормаларын қолданатын салық төлеушілерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен кірістер бойынша корпоративтік немесе жеке табыс салығын есептеу үшін шегерімге жұмсалған шығыстардың сомаларын жатқызу бойынша 8% мөлшерінде мөлшерлеме белгіленген.

Бұл ретте салық төлеушінің бөлшек салық режиміне жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен немесе өзге де арнаулы салық режимінен ауысуға құқығы бар екенін атап өткен жөн.

Осылайша бөлшек салық режимі шағын және орта бизнеске салық және әкімшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жергілікті өкілді органдардың жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді шешудегі және азаматтардың облыстарды дамытуға және жергілікті бюджеттерді қалыптастыруға бағытталған шешімдер қабылдау процесіне қатысуындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеу шеңберінде шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдерін реформалау бойынша жұмыс жүргізілуде:

- өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режим-бірыңғай жиынтық төлемді енгізу (патент бойынша АСР және мобильді қосымшаны пайдалана отырып АСР біріктіру);
- шаруа және фермер қожалықтары үшін салық салуды қайта қарау тәсілдері пысықталуда.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері жаңа Салық кодексінің мәтінінде көрініс табады.

Банк комиссиясына және Ұлттық төлем жүйесін енгізуге қатысты

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 39-бабының 1-тармағына сәйкес сыйақы мөлшерлемелері мен комиссиялар, сондай-ақ банк қызметтерін көрсеткені үшін тарифтерді ҚР заңдарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар дербес белгілейді.

Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшері (*бұдан әрі – СЖТМ*) нормативтік деңгейде бекітілді, ол:

- банктік қарыздар: кепілсіз қарыздар бойынша 56%-дан; кепілмен қамтамасыз етілген қарыздар бойынша 40%-дан; ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша 25%-дан аспауға тиіс;

- микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар (*бұдан әрі – МҚҚЖҰ*) беретін микрокредиттерге – 56%.

СЖТМ есебіне қарыз алушының қарыз немесе микрокредит бойынша, оның ішінде үшінші тұлғалардың пайдасына төленетін барлық комиссиялары мен төлемдері енгізіледі.

«Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңында МҚҚЖҰ үшін қарыз алушылардан микрокредит бойынша комиссиялар мен өзге де төлемдер алуға тыйым салынғанын айта кету қажет.

Жеке тұлғаларға берілетін банктік қарыздар бойынша оларды беруге және қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесі бекітілді.

Осылайша банктік қарыздар бойынша комиссиялардың түрлері заңнамалық деңгейде шектелді және СЖТМ-нің шекті мөлшері белгіленді.

Қорғау нормаларының басым бөлігі қарыз алушы – жеке тұлғаларға қолданылатынын ескере отырып, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (*бұдан әрі – Агенттік*) қарыз алушы – кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тең жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуде.

Осылайша Агенттік заңнамалық деңгейде дара кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілерінің банктік қарыздары бойынша мынадай шектеулер енгізетін болады:

- кәсіпкер кредит бойынша міндеттемелерді орындамаған кезде тұрақсыздық айыбының шекті мөлшері (*мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,5% және жылына 10%-дан аспайды*);

- қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен арттыруға тыйым салу;

- қарыз бойынша, бірінші кезекте - негізгі борыш пен сыйақы бойынша, соңғысына - тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу кезектілігінің тәртібін енгізу.

Тиісті түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы шеңберінде ҚР Парламенті Мәжілісінде қаралуда.

Сонымен бірге банктердің эквайрингтік қызметтер үшін тарифтері (*төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауды ұйымдастыру бойынша*) нарықтық шарттарға сәйкес бәсекелестік негізде қалыптастырылатынын атап өткен жөн.

Бұл ретте, банктер басқа банктер шығарған өз карточкалары мен карточкаларын қабылдауға байланысты тарифтерді белгілеу бойынша сараланған тәсілдерді қолданады, бұл карточкалық төлемдерге қызмет көрсету

ерекшеліктеріне, атап айтқанда басқа банктердің карточкаларын қабылдау кезінде банкаралық комиссияны (interchange) төлеу қажеттілігіне байланысты.

Анықтама ретінде: халықаралық төлем жүйелері (Visa, Mastercard, UnionPay) белгілейтін және реттейтін interchange – банкаралық комиссия (кәсіпкердің банкі карта ұстаушының банкіне төлейтін эквайрингтік комиссияның бір бөлігі) эквайрингтік комиссияның құрамдас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар банктердің эквайрингтік комиссиясының мөлшері көптеген факторларға, соның ішінде сауда субъектілері мен қызметтер айналымының көлеміне байланысты. Банктер ақшаны ақпараттық жүйелерді, байланыс арналарын дамытуға, клиенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, POS-терминалдарды ақысыз негізде орнатуды қоса алғанда, бизнес субъектілеріне қызмет көрсету үшін инфрақұрылым құруға және қолдауға дербес инвестициялайды. Төлем карточкаларын ұстаушыларға бонустық бағдарламалар, жылдық тегін қызмет көрсету, кэшбэк, акциялар ұсынылады. Бұл ретте төлем карточкасын ұстаушыдан – жеке тұлғадан қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде комиссия ұсталмайтынын ескеру қажет.

Осыған байланысты эквайрингтік комиссия банктердің аталған сервистерін қолдау мен дамытудың негізгі көзі болып табылады.

Қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп, қолма-қол ақшасыз төлемдер инфрақұрылымын кеңейту және сервистерді цифрландыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ҚР-да эквайрингтік комиссиялар мөлшерлемелерінің мөлшері біртіндеп төмендеді. Сонымен 5 жылдық кезеңде, 2023 жылға қарай эквайрингтік комиссиялардың орташа мөлшері 2-5%-дан 0,5-2,3%-ға дейін төмендеді (кәсіпкердің қызметіне, операция түріне және төлем құралына байланысты).

Сонымен қатар 2022 жылдың қазан айында Ұлттық Банк Visa, Mastercard, UnionPay халықаралық төлем жүйелерімен (бұдан әрі – ХТЖ) банкаралық комиссияның (interchange) мөлшерлемелерін төлем карточкаларының әрбір сегменті (жаппай, премиум, суперпремиалды) бөлінісінде кезең-кезеңімен 2 есеге төмендету туралы келісімге қол қойды. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жаппай сегменттің (Classic, Gold және т.б.) төлем карточкалары үшін банкаралық комиссияның шекті мөлшерлемелері 1,8-2,0%-дан 1,50%-ға дейін төмендеді (бірінші кезең), 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап (екінші кезең) 1,0% - ға дейін төмендейді.

Анықтама ретінде: 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бірқатар банктерде эквайрингтік мөлшерлемелер:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ өз карталары бойынша 0,6 пайыздық тармаққа (1%-дан 0,4%-ға дейін), бөгде карталар бойынша – 0,8 пайыздық тармаққа (3%-дан 2,2%-ға дейін);

- «ForteBank» АҚ өз карталары бойынша 0,7 пайыздық тармаққа (кәсіпкерлердің жекелеген санаттары бойынша 1,2%-дан 0,5%-ға дейін), бөгде карталар бойынша – 0,5; пайыздық тармаққа (кәсіпкерлердің жекелеген санаттары бойынша 1,5%-дан 1%-ға дейін);

- «First Heartland Jusan Bank» АҚ өз карталары бойынша 0,6 пайыздық тармаққа (кәсіпкерлердің жекелеген санаттары бойынша 1,5%-дан 0,9%-ға дейін), бөгде карталар бойынша – 1,3 пайыздық тармаққа (қызмет саласына байланысты 2,2%-дан 0,9%-ға дейін);

- «Bank RBK» АҚ өз карталары бойынша 0,5 пайыздық тармаққа (2,7%-дан 2,2%-ға дейін), бөгде карталар бойынша – 1 пайыздық тармаққа (мөлшерлемелері 3,5%-дан 2,5%-ға дейін төмендеуі);

- «BerekeBank» АҚ дара кәсіпкерлер үшін жаңа арнайы тарифтер енгізді: өз карталары бойынша – 0,5%-ға, бөгде карталар бойынша – 0,9%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, ірі банктердің эквайринг тарифтері:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – QR-нұсқаулар бойынша 0,5%, өз карталары бойынша 1%, басқа банктердің карталары бойынша 1,5%;

- «Kaspi Bank» АҚ – QR-нұсқаулар бойынша 0,95%, кәсіпкердің қызметіне байланысты өз карталары бойынша 1,2%-дан 1,75%-ға дейін және басқа банктердің карталары бойынша 2,3% болды.

Қазіргі уақытта қаржы нарығына қатысушылар төлем карточкаларына балама болатын мобильді, QR және биометриялық төлемдерді қолдануға негізделген төлем құралдарын белсенді енгізуде.

Ұлттық төлем жүйесіне қатысты Ұлттық Банк шетелдік провайдерлерден тәуелсіз Ұлттық төлем жүйесін құратынын атап өткен жөн, ол ішкі есеп айырысулардың қауіпсіздігі мен үздіксіздігі міндеттерін шешумен қатар жаңа төлем құралдары бойынша банкаралық есеп айырысуларды ілгерілетуді және жүргізуді қамтамасыз етеді, бұл кәсіпкерлер үшін банктің неғұрлым төмен комиссиялары бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауда ХТЖ шешімдеріне балама болады, олардың мөлшерлемесі транзакция сомасының 1%-дан аспайды.

Банкаралық төлемдердің ұлттық сервисін іске қосу 2025 жылға жоспарланып отыр.

Н. Байбазаров